

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің нышандары және оның қызметкерлерінің нысандық киім-кешегі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 26 мамырдағы N 3530. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 18-бабына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік сәйкестендірудің бірыңғай жүйесін қалыптастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің нышандары және оның туы, нышаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерінің арнаулы белгісі болып белгіленсін.

2. Мыналар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті туының, нышанының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерінің арнаулы белгісінің бейнесі мен сипаттамасы;

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің нысандық және арнаулы киім-кешегінің үлгілері.

3. Былай деп белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің омырауға тағатын белгілері, жетондары, эмблемалары, кокардалары, айырым белгілері мен басқа да белгілік жүйе элементтері осы Жарлықта көзделген нышандар негізінде әзірленеді және оны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің Т ө р а ғ а с ы б е к і т е д і ;

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің нышандарын дайындауды мемлекеттік нышандарды дайындауға белгіленген заң тәртібімен берілетін лицензиясы бар ұйымдар жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің туы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті Төрағасының кабинетіне қойылады, әскерлердің шеруіне және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қатысуына байланысты басқа да қажетті жағдайларда алып шығарылады (тігіледі);

4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті мекемелері мен бөлімшелерінің тулары олардың жарғыларының ережелерінде көзделген жағдайларда тігіледі;

5) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің нышаны Мемлекеттік тергеу комитетінің ғимараттарында сондай-ақ олардың ведомстволық бағынысты мекемелерінің, бөлімшелері мен оқу орындарының ғимараттарында қойылады;

6) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті Төрағасының бұйрықтарымен немесе өзге де нормативтік актілермен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті нышаны бейнесінің міндетті түрде жаңғырту жағдайлары көзделуі мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің ұсынысы бойынша:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлерін нысандық және арнаулы киім-кешекпен жабдықтау нормаларын бекітсін;

2) республикалық бюджетте осы комитет үшін бөлінген қаражат шегінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің нышандарын дайындау және оның қызметкерлерінің нысандық киімін, аяқ киімін, керек-жарақтары мен айырым белгілерін шығару мен жабдықтауға қажетті қаражат бөлуді қарастырсын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті